

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Инженерия және
цифрлық ғылымдар мектебінің докторантура бағдарламаларына
қабылдау қағидалары мен рәсімдері**

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 03.05.2022

Күшіне енген күні: 03.05.2022

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2.1 ADMS

Бекітуші орган: Провост

Тіркеу нөмірі: 51-н/қ

Иесі: Инженерия мектебі

Қайта қарау күні: 01.02.2025

Қолданылуы: NU

Күші жойылған құжаттар:

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебінің докторантура бағдарламаларына оқуға қабылдау қағидалары

Күні: 30.03.2021

Тіркеу нөмірі: №21-н/қ

Бекітуші орган: Провост



1-бөлім. Мақсаты және қолданылуы

1.1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебінің докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер) «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Қағидалар мен рәсімдер қабылдау процесінде басқару және талаптарды сақтау қағидалары мен рәсімдерін белгілейді.

1.3. Осы Қағидалар мен рәсімдер «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында (бұдан әрі – Университет) Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебінің докторантура бағдарламаларына (бұдан әрі – Бағдарламалар) және Бағдарламаларға қатысуға өтінім берушілерге қолданылады.

2-бөлім. Анықтамалар

2.1. Осы Қағидалар мен Рәсімдерде пайдаланылатын негізгі анықтамалар мен қысқартулар:

2.1.1. **Қабылдау комиссиясы** – Бағдарламаға қабылдау бойынша іс-шараларды жүзеге асыру үшін құрылған Университеттің консультативтік-кеңесші органы;

2.1.2. **Студенттерді оқуға қабылдау департаменті** – Университеттің Университет алдындағы дайындық, бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларына түсуге жәрдемдесуге арналған бөлімшесі;

2.1.3. **Қабылдау кезеңі** – бір немесе бірнеше қабылдау кезеңдерінен тұратын, онлайн өтінімді, құжаттарды қарауды, бағалау мен қабылдау процестерін қамтитын Университетке өтініш берудің соңғы мерзімдерінің жиынтығы;

2.1.4. **Үміткер** – іріктеу процесіне қатысатын Қазақстан Республикасының азаматы, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адам;

2.1.5. **Сауалнама** – Жеке кабинетте орналастырылған докторантура бағдарламаларына түсуге өтінім;

2.1.6. **CGPA** (Жиынтық орташа балл) – студенттің дәреже алуына ықпал ететін барлық бағаларының орташа мәнін есептеу;

2.1.7. **Шартты түрде оқуға қабылдау** – қабылдау кезеңінде Бағдарламалардың Қабылдау комиссиясының ұсынымдары және оқуға қабылдау кезеңінде Университет Провостының немесе ол тағайындаған тұлғаның шешімі бойынша ресми түрде көрсетілген мерзіммен немесе мерзімдермен Бағдарламаларға үміткерлерді қабылдау түрі. Қабылдаудың /оқуға қабылдаудың бұл түрі магистратураның соңғы курс студенттерімен немесе докторантура бағдарламалары бойынша оқудың дайындық жылында білім алатын үміткерлермен шектеледі.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Инженерия және цифрлық ғылымдар докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері



2.1.8. **Оқуға қабылдауды растау нысаны** – өтініш беруші алғаннан кейін толтыратын қабылдау туралы ұсынысты қабылдау немесе одан бас тарту туралы нысан;

2.1.9. **Сыртқы сарапшы** – тиісті білімі мен тәжірибесі бар, бағдарламаның пәндік саласымен таныс және үміткерлерге шолу мен бағалау жүргізуге қатысатын Мектепке қатысты сыртқы өкіл болып табылатын, сондай-ақ сапа кепілдігін қамтамасыз ету үшін сыртқы оқырмандар немесе бағалаушылар ретінде әрекет ететін танымал маман;

2.1.10. **ETS** (Білім беруді тестілеу қызметі) – TOEFL-ді қоса алғанда, халықаралық тесттерді өткізетін, білім беруді тестілеу және бағалау жөніндегі жеке коммерциялық емес ұйым;

2.1.11. **GMAT** (Менеджмент бойынша тест) – GMAC, Түлектерді қабылдау кеңесі (АҚШ) әзірлеген түлектердің бизнес зерттеулеріндегі академиялық жетістікке жету қабілетін анықтауға арналған стандартталған тест;

2.1.12. **GRE** (АҚШ-тың және басқа да бірқатар елдердің ЖОО магистратура, докторантура бағдарламаларына немесе дипломнан кейінгі басқа бағдарламаларға түсу үшін тапсырылуы қажет тест) – вербальды пайымдауды, сандық пайымдауды, талдамалық жазу және сыни ойлау дағдыларын өлшеу үшін пайдаланылатын, Білім беруді тестілеу қызметі (АҚШ) әзірлеген стандартталған тест;

2.1.13. **IELTS** (Ағылшын тілі саласындағы білімді бағалаудың халықаралық жүйесі) – Британдық кеңес, IDP Education және Cambridge English Language Assessment (Кембридж емтихандары) бірлесіп өткізетін ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

2.1.14. **Жеке кабинет** – Университет сайтында тіркелу кезінде жеке кеңістік ұсынатын онлайн сервис (www.admissions.nu.edu.kz);

2.1.15. **Бағдарлама** – Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебі ұсынатын осы Қағидалар мен рәсімдерге қосымшада көрсетілген докторантура бағдарламаларының бірі;

2.1.16. **Мектеп** – Бағдарлама ұсынылатын Университеттің Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебі;

2.1.17. **TOEFL** (Ағылшын тілін шет тілі ретінде білу деңгейін анықтауға арналған тест) – Білім беруді тестілеу қызметі (АҚШ) әзірлеген ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

2.1.18. **Университет** – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы;

2.1.19. **Магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқудың дайындық жылы** – Университеттің магистратура және докторантура бағдарламаларына қабылданған, бірақ Мектептерге тез арада түсу үшін қажетті деңгейде ағылшын тілін меңгермеген студенттер үшін толық жұмыс күніне арналған, сынақ өткізілмейтін, екі семестрлік қарқынды ағылшын тілі курсы және біліктілікті арттыру курсы.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Инженерия және цифрлық ғылымдар докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері



2.1.20. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылмаған терминдер мен анықтамалар Университеттің ішкі құжаттарымен анықталады.

3-бөлім. Негізгі ережелер

3.1. Оқуға қабылдауға қойылатын талаптар

3.1.1. Бағдарламаға қабылдау конкурстық негізде және жетістіктері негізінде жүзеге асырылады.

3.1.2. Бағдарламаға түсу үшін іріктеу процесіне қатысу құқығына ие болу үшін барлық үміткерлер осы Қағидалар мен рәсімдердің ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

3.1.3. Әр Бағдарлама бойынша оқуға түсуге қойылатын нақты талаптар осы Қағидалар мен рәсімдерге Қосымшада келтірілген.

3.1.4. Тестілеу сертификаттары, егер олардың нәтижелерінің қолданылу мерзімі үміткерлер өтінім берген күнге дейін аяқталмаса, жарамды деп есептеледі.

3.1.5. Академиялық және практикалық тәжірибенің өзектілігін, сондай-ақ бұрын алынған дәрежелердің баламалылығы мен орындылығын Қабылдау комиссиясы анықтайды.

3.2. Өтінім беру процесі

3.2.1. Көрсетілген мерзімге дейін Жеке кабинетте (www.admissions.nu.edu.kz) Бағдарламаға қатысуға өтінім беретін қатысушы:

1) дербес деректерді өңдеуге келісімді қабылдауға, өтінімнің онлайн-нысанын толтыруға және жүктеуге;

2) егер Университеттің Басқарушы кеңесі сізді қайтарылмайтын тіркеу жарнасынан босатпаса, оны төлеуге. Тіркеу жарнасының мөлшерін Университеттің Басқарушы кеңесі бекітеді;

3) осы Қағидалар мен рәсімдерге Қосымшада көрсетілген қажетті құжаттардың сканерленген көшірмелерін жүктеуге;

4) Тестілеу әкімшісі жүйесінде IELTS немесе TOEFL сертификаттарының жарамды балдарының нәтижелерін тексеруге және оның сканерленген көшірмесін жіберуге міндетті.

3.2.2. Қабылдау комиссиясы және/немесе Студенттерді оқуға қабылдау департаменті қажет болған жағдайда қосымша құжаттарды сұрата алады.

3.2.3. Оқуға қабылданған студенттердің осы Қағидалар мен рәсімдерде талап етілетін және қабылдау кезеңінде үміткердің Жеке кабинетінде ұсынылған құжаттары электрондық форматта Регистратор офисінде қолжетімді болады және студенттің жеке папкасын қалыптастыру үшін пайдаланылады.

3.2.4. Қабылдау мерзімдерін Мектеп деканы немесе ол тағайындаған тұлға Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен кеңескеннен кейін белгілейді және Университеттің веб-сайтында жарияланады.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Инженерия және цифрлық ғылымдар



3.2.5. Барлық ұсынылған құжаттар ағылшын тілінде немесе нотариалдық куәландырылған ағылшын тіліндегі аудармасымен болуы тиіс.

3.2.6. Жалған және/немесе толық емес ақпарат беру қабылдау немесе тіркеу процесінен шығаруға әкеп соғады.

3.2.7. Үміткерлер бір оқу жылы ішінде Университет ұсынатын жоғары білім берудің екі бағдарламасына ғана өтінім бере алады. Екі бағдарламаға да түскен жағдайда үміткер тек бір бағдарламаны таңдауы тиіс.

3.2.8. Қабылдау туралы шешім шағымдануға жатпайды.

3.2.9. Қабылдауға ұсынылған үміткерлер Студенттерді оқуға қабылдау департаментінің талаптарына сәйкес осы Қағидалар мен рәсімдерге Қосымшаның 3-тармағында көрсетілген құжаттардың сканерленген көшірмелерін ұсынуы тиіс.

3.2.10. Өтініштердің толық пакетін ұсыну Бағдарламаға түсуге кепілдік бермейді.

3.2.11. Қабылданған студенттердің кез келген құжаттары қайтаруға жатпайды.

3.3. Қабылдау комиссиясы

3.3.1. Қабылдау комиссиясы өтініштерді қарауға, үміткерлерді бағалауға және қабылдау туралы шешімге қатысты ұсыным беруге өкілетті.

3.3.2. Қабылдау комиссиясының мүшелері қабылдау рәсімдерінің осы Қағидалар мен рәсімдерге, сондай-ақ Университеттің басқа да ішкі қағидаларына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін жауапты болады.

3.3.3. Бағдарлама бойынша Қабылдау комиссиясы Бағдарламамен байланысты ОПК-дан, сондай-ақ кем дегенде бір сыртқы сарапшыдан тұрады.

3.3.4. Қабылдау комиссиясының шешуші дауыс беру құқығы бар мүшелерінің жалпы саны тақ болуы, бірақ сыртқы сарапшы ретінде кемінде 1 (бір) мүшені қоса алғанда, кемінде 5 (бес) адам болуы тиіс.

3.3.5. Қабылдау комиссиясының қызметіне Қабылдау комиссиясының Төрағасы басшылық етеді. Төрағаны қоса алғанда, Қабылдау комиссиясының мүшелері Провосттың немесе ол тағайындаған тұлғаның шешімімен тағайындалады.

3.3.6. Қабылдау комиссиясында Төрағаның орынбасары болуы мүмкін. Қабылдау комиссиясының Төрағасы болмаған кезде оның өкілеттігін Төрағаның орынбасары жүзеге асырады. Шешуші дауыс беру құқығы бар мүшелермен бірге Қабылдау комиссиясының құрамына дауыс беру құқығы жоқ өкілдер кіруі мүмкін.

3.3.7. Қабылдау комиссиясының мүшелері Қабылдау комиссиясының осы мүшелері қабылдау туралы шешім қабылдайтын Бағдарламаларға өтінім беретін үміткерлерге ұсыным хаттар бере алмайды.

3.3.8. Қабылдау комиссиясының хатшысы Провосттың немесе ол тағайындаған тұлғаның шешімімен тағайындалады. Бір адам Мектептің «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Инженерия және цифрлық ғылымдар

торантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері



Қабылдау комиссияларының хатшысы болып 3 (үш) реттен артық тағайындала алмайды. Хатшы Кеңестің дауыс беру құқығы жоқ мүшесі болып табылады. Қабылдау комиссиясының хатшысы болмаған жағдайда Қабылдау комиссиясының Төрағасы немесе ол тағайындаған тұлға Мектеп Деканының келісімі бойынша Қабылдау комиссиясының Хаттамасында осындай ауыстыруды көрсете отырып, алмастыратын Хатшыны тағайындайды.

3.3.9. Қабылдау комиссиясының хатшысы:

1) Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамаларында қамтылған ақпараттың дұрыстығы;

2) Қабылдау комиссиясының қызметін үйлестіру және Қабылдау комиссиясы отырыстарын ұйымдастыру;

3) қысқа тізімге енгізілген үміткерлерді әңгімелесуге шақыру;

4) Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамаларын орындау;

5) үміткерлердің өтініштер пакетін және әңгімелесуді бағалау нәтижелерін жүргізу (егер қолданылса);

6) қабылдау мәселелері бойынша Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен тығыз ынтымақтасу және өзара әрекеттесу;

7) Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамалары тілдерінің түпнұсқалығы;

8) Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасын тіркеу және Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне ұсыну үшін жіберу;

9) Қабылдау комиссиясы мен оның Төрағасының тапсырмаларына сәйкес басқа да іс-шараларды жүзеге асыру үшін жауапты болады.

3.3.10. Бағдарламаға оқуға түсетін әр үміткерді Қабылдау комиссиясының мүшелері жеке, әділ, жан-жақты және дәйекті түрде бағалауы тиіс. Осыған байланысты Қабылдау комиссиясының мүшелері қайсысының өмірлік тәжірибесі, жеке басының қасиеттері, бұрынғы академиялық жетістіктері және мансаптық мақсаттары Бағдарламаның мақсаттарына сай келетін және Мектептің оқу ортасына өз үлесін барынша қоса алатын және одан пайда таба алатын үміткерлерді айқындауға мүмкіндік беретін іріктеудің неғұрлым тиімді әдістемесін/ процесін/критерийлерін әзірлеуі және қабылдауы тиіс.

3.3.11. Іріктеу әдістемесі/процесі/критерийлері іріктеу процесінде әділ түрде қолданылуы және тиісті оқу жылы ішіндегі Қабылдау комиссиясының бірінші отырысының Хаттамасына қоса берілуі тиіс.

Еңсерілмейтін күш жағдайларына байланысты талап етілетін қабылдау емтихандарының кез келгенін ұйымдастыру/тапсыру мүмкін болмаған жағдайда, Қабылдау комиссиясы көрсетілген негізгі емтихандарды басқа баламалы емтихандармен ауыстыруға құқылы. Бұл ретте Қабылдау комиссиясы отырыстың хаттамасында бұл туралы көрсете отырып, іріктеудің тиімді әдістемесі мен бағалау критерийлерін әзірлейді және бекітеді.

3.4. Қабылдау комиссиясының отырыстары

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Инженерия және цифрлық ғылымдар
торантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері



3.4.1. Қабылдау комиссиясының отырыстары қажеттілігіне қарай қабылдау кезеңі ішінде Қабылдау комиссиясының шешуші дауыс беру құқығы бар мүшелерінің жай көпшілік даусымен айқындалатын кворуммен өткізіледі.

3.4.2. Қабылдау комиссиясы бейне- немесе аудио конференциялар немесе коммуникацияның басқа да интерактивті тәсілдері арқылы отырыстарда дауыс беруді өткізе алады және шешімдер қабылдай алады. Мұндай қатысу кворумды анықтау кезінде ескерілуі тиіс. Қабылдау комиссиясының шешуші дауыс беру құқығы бар мүшесі қолданған интерактивті қатысу құралдары отырыстың хаттамасында көрсетілуі тиіс.

3.4.3. Қабылдау комиссиясының шешімдері дауыс беруге қатысушылардың жай көпшілік даусымен қабылданады және кворумды анықтау кезінде ескеріледі. Дауыстар тең болған жағдайда Төраға шешуші дауысқа ие болады. Қабылдау комиссиясы Төрағасының орынбасары болған жағдайда, Төраға болмаған кезде дауыстардың тең саны Төраға орынбасарының шешімімен шешіледі.

3.4.4. Қабылдау комиссиясының шешімдері түпкілікті болып табылады және Университет отырысының хаттамасын дайындауға қойылатын талаптарға сәйкес Қабылдау комиссиясының Хатшысы оларды отырыстың (отырыстардың) хаттамаларына енгізеді. Отырыстың (отырыстардың) нәтижелері барлық ұсынылған үміткерлердің, күту тізіміне енгізілген және қабылдау туралы ұсынысты алған үміткерлердің, сондай-ақ қабылдау мерзімі кейінге қалдырылған және ерікті немесе мәжбүрлі түрде қабылданбаған үміткерлердің рейтингін қамтуы тиіс. Қабылдау комиссиясы отырыстарының жұмыс тілі ағылшын тілі болып табылады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі хаттамаға Қабылдау комиссиясының Төрағасы (немесе Төрағаның орынбасары, егер қолданылса) және Қабылдау комиссиясының хатшысы қол қояды.

3.4.5. Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамалары құпия болып табылады және қызметтік міндеттерін орындау шеңберінде Университет қызметкерлерін қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайды.

3.4.6. Қабылдау комиссиясы отырыстарының барлық хаттамаларын Қабылдау комиссиясының хатшысы тігеді, нөмірлейді, сканерлейді және түптейді, Университеттің архивіне тапсырылғанға дейін олардың сақталуына жауапты болатын Студенттерді оқуға қабылдау департаментінде тіркеледі және сақталады.

3.5. Қабылдау шарттары мен тәртібі

3.5.1. Конкурса мынадай іріктеу критерийлеріне сәйкес келетін үміткерлер қатыса алады:

- 1) жоғары оқу орындары магистратурасының соңғы курс студенттері;
- 2) жоғары оқу орындарының магистратурасын бітірген үміткерлер;
- 3) Мектеп белгілеген басқа да қосымша қабылдау талаптары.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Инженерия және цифрлық ғылымдар
торантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері



3.5.2. Бағдарламаға қабылдау процесі мына кезеңдерден тұрады:

1) Бірінші кезең – Студенттерді оқуға қабылдау департаменті Жеке кабинеттегі өтінімдер пакетін қарайды және Бағдарламаға түсу үшін ең төменгі талаптарға сәйкестігін тексереді және үміткер іріктеу процесінің келесі кезеңіне өтпес бұрын Қабылдау комиссиясына үміткердің мәртебесі, түсу талаптарына сәйкестігі туралы ақпаратты және құжаттардың толық пакетін ұсынады.

2) Екінші кезең – Қабылдау комиссиясының мүшелері Қабылдау комиссиясы әзірлеген іріктеу әдістемесіне/процесіне/критерийлеріне сәйкес қабылдау талаптарына сай келетін өтініштердің толық пакеттерінің қысқаша тізімін жасайды және қарайды. Қысқа тізімге енгізілген барлық үміткерлерден Қабылдау комиссиясының мүшелері жеке немесе бейнеконференция арқылы жауап алады.

Қажет болған жағдайда Қабылдау комиссиясы Мектептің ОПҚ немесе тиісті зерттеулер саласында біліктілігі бар сыртқы сарапшылар болып табылатын интервьюерлерді тағайындайды. Тағайындалған интервьюерлердің саны әңгімелесуден өтетін бір үміткерге кемінде 2 адамнан кем болмауы тиіс.

3) Үшінші кезең – Қабылдау комиссиясының мүшелері құжаттар пакетін және әңгімелесу нәтижелерін қарау негізінде барлық үміткерлер бойынша ұсынымдар береді және оқуға қабылдау үшін финалистерді айқындайды.

3.5.3. Толық емес өтінімдер Қабылдау комиссиясының талабы бойынша ғана Екінші және Үшінші кезеңге ауыстырылуы мүмкін, басқа жағдайларда Қабылдау комиссиясы оларды қабылдамайды.

3.5.4. Қабылдауға жіберілмеген өтінімдерді Қабылдау комиссиясы қабылдамайды.

3.5.5. Өтінімдер материалын және сұхбаттасу нәтижелерін қарағаннан кейін Қабылдау комиссиясы табысты үміткерлерді Бағдарламаға тікелей немесе шартты негізде қабылдауға ұсынады.

3.5.6. Студенттерді оқуға қабылдау департаменті Қабылдау комиссиясы шешім қабылдаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдауға ұсынылған үміткерлер мен қабылданбаған үміткерлерді электрондық пошта арқылы хабардар етуі керек.

3.5.7. Бағдарламаға түсуге ұсынылған, қабылдау туралы ұсыныс алған үміткерлер Университетке өзінің қабылдау немесе қабылдамау туралы шешімі туралы хабарлама хатында көрсетілген формат пен күндерге сәйкес хабарлауы тиіс. Тіркеуді растау нысаны белгіленген мерзімде қабылданбаған немесе ұсынылған жағдайда, өтініш беруші Бағдарламаға қабылданбайды және қабылдау туралы ұсыныс күту тізімінде ең жоғары рейтингі бар келесі үміткерге жіберіледі.

3.5.8. Қабылдау комиссиясы қабылдау талаптарына толық сәйкес келетін, бірақ Бағдарламадағы бос орындар санының шектелуіне байланысты Бағдарламаға жіберілмеген үміткерлерді күту тізіміне енгізе алады. Күту тізіміне енгізілген үміткерлерді Қабылдау комиссиясы тағайындайды. Егер Бағдарламадағы орын қабылдау жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Инженерия және цифрлық ғылымдар

торантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері



сабақтың бірінші күніне дейін қолжетімді болса, ол үміткерлерге күту тізіміндегі ранжирлеу тәртібімен қабылдау туралы хабарламасы бар хатпен ұсынылады. Күту тізіміндегі үміткерлер Назарбаев Университетінің білім беру грантынан басқа стипендиялар бойынша оқу үшін қосымша іріктеуге демеушілік немесе ақылы негізде (қолданылатын болса) қатыса алады.

3.5.9. Бағдарламаға қабылдау Университет Провостының немесе ол тағайындаған тұлғаның шешімімен ресімделуі тиіс.

3.5.10. Оқуға қабылдау туралы шешімде әрбір қабылданған әрбір үміткердің оқуын қаржыландыру көзі көрсетілуі тиіс.

Қаржыландыру көздері келесідей анықталады:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) нақты стипендия және/немесе демеушілік қолдау;

ақылы негізде – өзін-өзі қаржыландыратын өтініш берушілер немесе шығыстарын үшінші тұлғалар (олардың жұмыс берушісін қоса алғанда) өтейтін өтініш берушілер үшін.

3.5.11. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржыландыру шеңберінде ғылым докторы дәрежесін алған үміткерлердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес Университеттің дайындық оқу жылы бар немесе онсыз докторантура бағдарламасына қабылдануға құқығы жоқ.

3.5.12. Қабылданған студенттердің саны Бағдарламаға бөлінген орындар санынан аспауы тиіс.

3.5.13. Магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша дайындық жылының студенттері Бағдарламаның шартты түрде қабылданған студенттері болып саналады. Шартты түрде қабылданған студенттің мәртебесін өзгерту үшін студенттер Университеттің магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша дайындық жылына арналған Академиялық қағидалар мен рәсімдерге сәйкес ағылшын тілі мен мазмұнының барлық курстарынан өтіп, Магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша дайындық жылын сәтті аяқтауы тиіс.

3.5.14. Егер Магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша дайындық жылының студенті талап етілетін өту балын ала алмаса және/немесе сабаққа қатысу талаптарын қанағаттандырмаса, онда ол Университеттің ішкі ережелеріне сәйкес Бағдарламадан шығарылады.

3.5.15. Докторантура бағдарламасы бойынша дайындық жылының студенттері өздері өтініш берген және әңгімелесуден өткен Университеттің доктор дәрежесін алу бағдарламасы бойынша оқуды жалғастырады деген есеппен қабылданады. Студенттерге Докторантура бағдарламасы бойынша дайындық жылының барысында оқу бағдарламасын өзгертуге рұқсат етілмейді. Докторантура бағдарламасы бойынша дайындық жылының студенттері өздері қабылданған Бағдарламадан ерекше, Университеттің басқа докторантура бағдарламасы бойынша оқуын жалғастырғысы келсе, олар Университеттің басқа докторантура бағдарламасына өтінім бере алады және барлық қажетті құжаттарды ұсына алады. Алайда, егер олар Докторантура



бағдарламасы бойынша дайындық жылын сәтті аяқтаса да, докторантура бағдарламасына түсуге кепілдік берілмейді.

3.5.16. Докторантура бағдарламасы бойынша дайындық жылымен байланысты шартты түрде оқуға қабылдаудан басқа, кейбір ерекше жағдайларда шартты түрде оқуға қабылдау Провосттың немесе ол тағайындаған тұлғаның келісімімен жүзеге асырылуы мүмкін. Провост немесе ол тағайындаған тұлға шартты түрде қабылдаудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады. Қабылдау комиссиясы Провостқа немесе ол тағайындаған тұлғаға келесі жағдайларда шартты қабылдауды бекітуді ұсынады:

1) осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген үміткер, оның ішінде қабылдауға ұсынылған Университет студенттері білім беру бағдарламасын аяқтағаны және көрсетілген күні қорытынды анықтаманы және/немесе дипломды ресми беруді күтіп отырғаны туралы Университет куәлігінің негізінде шартты түрде қабылдануы мүмкін. Бұл жағдайда қабылдау туралы шешімде үміткер Университетке қажетті құжаттарды ұсынуы керек мерзім көрсетілуі тиіс.

2) Университет студенттері оқудың соңғы жазғы семестрінде Университет Мектебінің анықтамасы негізінде дипломсыз және/немесе ресми қорытынды стенограммасыз Бағдарламаға шартты түрде қабылдау үшін қаралуы мүмкін, мұнда өтінішкердің жоғары білім алуға құқылы екендігі, Бағдарламаның талаптарына сәйкес келетіндігі және дәреже берілгеннен кейін диплом алатындығы көрсетіледі. Аталған үміткерлер қабылдау үшін Бағдарламаның бір жылға арналған академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды стенограмма мен дипломды бірінші күзгі семестрдің соңында ұсынған жағдайда қаралуы мүмкін.

3.5.17. Қабылдау комиссиясының хаттамасында мыналар:

- 1) шартты түрде қабылдаудың себептері;
- 2) өтінішкердің әлсіз жақтары;
- 3) орындау мерзімін таңдау мүмкіндігі;
- 4) бір жылдан аспайтын шартты түрде қабылдау талаптарын орындау мерзімдері белгіленеді.

Шартты түрде қабылданған студенттің мәртебесін өзгерту үшін барлық талаптар орындалуы тиіс. Шартты түрде қабылдау талаптары орындалмаған жағдайда, студент Бағдарламадан шығарылады.

3.5.18. Қабылдау комиссиясы 1 оқу жылына қабылдауды кейінге қалдыруды Мектеп деканының немесе ол тағайындаған тұлғаның маөқұлдауымен Бағдарлама басталғанға дейін ерекше жағдайларда ұсынуы мүмкін.

3.5.19. Қабылдауды кейінге қалдыру үміткерге өткен жылғы өтінімнің негізінде келесі жылы Бағдарламаға қабылдау үшін қаралуға мүмкіндік береді, бірақ қаржыландыру сақталмайды (егер бар болса). Мерзімі кейінге қалдырылған үміткерлерге гранттар беру немесе кез келген қаржылық қолдау конкурстық негізде үміткерлердің жаңа легін қарау шеңберінде жүзеге асырылады.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Инженерия және цифрлық ғылымдар докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері



3.5.20. Кейінге қалдырылған қабылдау шартты түрде қабылданған үміткерлерге берілмейді.

3.5.21. Үміткерлерге университеттік гранттар, стипендиялар тағайындау және ақылы негізде қабылдау Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.5.22. Осы Қағидалармен және рәсімдермен реттелмеген мәселелерді Қабылдау комиссиясы Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен ынтымақтаса отырып, дербес шешеді.

3.5.23. Үміткерлер ұсынған немесе Бағдарламаға қабылдау туралы өтініштеріне байланысты үміткерлер үшін ұсынылған барлық құжаттар мен өзге де материалдар Университеттің меншігіне айналады және құпиялылыққа қатысты Университеттің ішкі құжаттары мен рәсімдеріне бағынады.

3.5.24. Үміткерлерді іріктеу процесіне қатысты кез келген ақпарат құпия болып табылады.

4-бөлім. Бас тарту

4.1. Университет Провосты осы Қағидалар мен рәсімдердің кез келген ережелерінен бас тартуға құқылы.

5-бөлім. Уақытша ереже

5.1. Қолданылмайды.

6-бөлім. Қайта қарау

6.1. Бағдарламаларға арналған осы Қағидалар мен рәсімдер қабылдау циклі бекітілгеннен және аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде және қажет болған жағдайда қайта қаралуы тиіс.

7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар

7.1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында негізгі қызмет түрлері және студенттер контингенті бойынша кейбір ішкі әкімшілік құжаттарды дайындау қағидалары.



«Назарбаев Университеті»
дербес білім беру ұйымы
Инженерия және цифрлық
ғылымдар мектебінің
докторантура бағдарламаларына
қабылдау қағидалары мен
рәсімдеріне
қосымша

Химиялық инженерия саласындағы докторантура, құрылыс инженериясы саласындағы докторантура, механикалық инженерия саласындағы докторантура, электротехникалық инженерия саласындағы докторантура, робототехника саласындағы докторантура, компьютерлік ғылымдар саласындағы докторантура бағдарламаларына қабылдауға қойылатын талаптар

1. Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебінің химиялық инженерия саласындағы докторантура, құрылыс инженериясы саласындағы докторантура, механикалық инженерия саласындағы докторантура, электротехникалық инженерия саласындағы докторантура, робототехника саласындағы докторантура, компьютерлік ғылымдар саласындағы докторантура бағдарламаларына (бұдан әрі осы қосымшада – Бағдарлама) түсетін үміткерлерде мыналар болуы тиіс:

1) бакалавр дәрежесі (бакалавр дәрежесі немесе баламасы) және тиісті пән бойынша магистрлік бағдарлама (цикл-2).

Шетелдік оқу орындарында білім туралы дипломдар/сертификаттар алған үміткерлер өздерінің ресми транскрипттерін тікелей Университеттің Қабылдау комиссиясына жіберуді сұрауы керек. Шетелдік оқу орны мұндай қызметті ұсынбаған ерекше жағдайларда транскрипттің баспа көшірмесін үміткер тікелей Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне немесе цифрлық есепке алу деректері қызметтерінің көмегімен немесе шетелдік оқу орнының корпоративтік электрондық поштасы арқылы транскрипттің электрондық расталған түпнұсқа көшірмесімен ұсынуы мүмкін.

Үміткерлер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі берген дипломның нострификациясы туралы куәлікті немесе шетелдік оқу орнының апостиль қойылған құжатын ұсынған кезде, ресми транскрипті тікелей Университеттің Қабылдау комиссиясына жіберу міндетті емес;

2) ең төменгі CGPA 4,00-ден 2,75 немесе үміткердің магистрлік дәрежесін алғаны туралы дипломға транскрипттегі оның баламасы;

3) Қосымшаның 2-тармағында көрсетілген ағылшын тілін меңгерудің қажетті деңгейі;

4) GRE немесе GMAT тестілерінде көрсетілген күшті оқу дағдылары, аналитикалық және математикалық дағдылар (міндетті емес). Ресми GRE немесе



GMAT балы міндетті болып табылмаса да, бәсекеге қабілетті GRE немесе GMAT балы арқылы үміткер өзінің өтінімін жақсартта алады;

5) докторантура бағдарламасына уәждемелік хатта баяндалған Бағдарламаға жоғары уәждеме және қызығушылық (500 сөзден артық емес);

6) түйіндеме (2 бетке дейін);

7) 2 (екі) ұсыным хат (кем дегенде бір академиялық ұсыным).

2. Ағылшын тілін меңгерудің қажетті деңгейі:

1) Бағдарламаға түсу үшін ағылшын тілін білуге тестілеу туралы есептерге қойылатын абсолюттік ең төменгі талап IELTS тестінің жалпы балы 6.5, қосымша балға қойылатын талаптармен кемінде 6.0 немесе ETS веб-сайтында көрсетілгендей, TOEFL-дің (үй нұсқасынан басқа) баламалы балы болып табылады;

Бағдарламаға қатысатын үміткерлер Қабылдау комиссиясының қалауы бойынша мынадай жағдайлардың бірінде:

алғашқы академиялық дәрежелердің бірі ағылшын тілі ресми түрде қарым-қатынас, академиялық оқу және күнделікті өмір тілі болып табылатын елде алынғанда;

бакалавр немесе магистр дәрежесі ресми түрде ағылшын тілінде оқытылатын бағдарлама бойынша алынғанда. Үміткерлер ағылшын тілін оқыту тілі ретінде растайтын ресми құжатты ұсынуы тиіс;

үміткер Назарбаев Университетінің түлегі болып табылса, ағылшын тілі бойынша тестілеу нәтижелерін ұсынудан босатылуы мүмкін.

2) докторантура бағдарламалары бойынша оқудың дайындық жылына шартты түрде қабылдау үшін ағылшын тілін білуге арналған тестілеу туралы есепке қойылатын абсолюттік ең төменгі талап IELTS тестінің жалпы балы 5.5, бір қосымша балдан артық емес 5,0 немесе ETS веб-сайтында көрсетілгендей TOEFL-дің баламалы балы (үй нұсқасынан басқа) болып табылады.

3. Бағдарламаға арналған қосымшалар пакеттерінің бақылау тізімі:

1) Бағдарламаға қатысуға өтінімнің толтырылған нысаны;

2) ұлттық жеке куәліктің немесе паспорттың сканерленген көшірмесі;

3) атының өзгергенін растайтын ресми құжаттың сканерленген көшірмесі (егер қолданылса);

4) транскрипттері бар ресми дипломдардың/сертификаттардың сканерленген көшірмелері. Қазақстандық оқу орындарынан алынған дипломдар/толық жазылған сертификаттар нотариалды куәландырылуы тиіс. Шетелдік оқу орындарын бітіргені туралы дипломдар/сертификаттар алған үміткерлер Қосымшаның 1-тармағының 1) тармақшасына қосымша сілтеме жасайды;

5) Тестілеу әкімшісінің жүйесінен жүктелген IELTS немесе TOEFL (үй нұсқасынан басқа) жарамды академиялық сертификатының нәтижелері туралы расталған есеп және оның сканерленген көшірмесі. Жеке кабинетке жіберілген соңғы IELTS/TOEFL сертификаты оқуға түсу конкурсында ескеріледі. Онлайн-құжаттарды тапсыру күніне жарамды IELTS немесе TOEFL сертификаты (2 жылдан артық емес). Үміткер тестке тіркелу кезінде Назарбаев Университетін

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Инженерия және цифрлық ғылымдар

докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері



алушы ретінде көрсетуі тиіс. Егер үміткер тестті бұрын тапсырған болса, ол тестілеу орталығына хабарласып, Университетті алушы ретінде көрсете алады;

6) ағылшын тілін оқыту тілі ретінде растайтын сканерленген құжат (тек ағылшын тілінде оқытылған бағдарлама бойынша дәреже алған және IELTS немесе TOEFL тапсырудан босатуды сұрайтын үміткерлер үшін);

7) онлайн-құжаттарды тапсыру күні жарамды GMAT немесе GRE тест сертификатының нәтижелері туралы расталған есеп және оның сканерленген көшірмесі (міндетті емес). Үміткер тестке тіркелу кезінде Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсетуі тиіс. Егер үміткер тестті бұрын тапсырған болса, ол тестілеу орталығына хабарласып, Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсете алады;

8) түйіндеменің сканерленген көшірмесі (A4 форматындағы 2 бетке дейін);

9) докторантура бағдарламасына түсу үшін қол қойылған уәждемелік хаттың сканерленген көшірмесі (500 сөзге дейін);

10) кем дегенде бір академиялық анықтаманы қоса алғанда, соңғы 12 ай ішінде жазылған екі ұсыным хат (рецензенттер Университет жүйесі арқылы немесе сканерленген көшірмеде ұсынуы тиіс).

